

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі 1996 жылғы 9 желтоқсан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 254 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 23 мамырдағы № 08-1-1-1/201 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 23.05.2013 № 08-1-1-1/201 бұйрығымен (алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

I БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының міндеттері мен қызметін ұйымдастыру

1 тарау. Жалпы ережелер

1.1. Кейбір консулдық қызметтің орындалуы баратын елінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тағайындаған Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулдарына тапсырылуы
м ү м к і н .

Құрметті (штаттан тыс) консул өз қызметінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне, барған елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемелеріне бағынышты.

1.2. Қазақстан Республикасының шет ел мемлекетінде құрметті (штаттан тыс) консулы болып тек қана осы мемлекеттік азаматы тағайындалуы мүмкін. Осымен бірге Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы қоғамды белгілі бір орны, жеке басында қажетті іскерлік және моральдық қасиеттері бар, өзіне жүктелген консулдық қызметтерді ойдағыдай орындап шыға алатын адам
б о л у ы к е р е к .

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы басқа мемлекеттің құрметті (штаттан тыс) консулы бола алмайды.

1.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде қызмет атқара алмайды.

1.4. Құрметті (штаттан тыс) консул мынадай қызметтерді атқарады:
- өзінің консулдық аймағында Қазақстан Республикасы азаматтары мен заңды

тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының өзі барған елмен достық қатынастарын дамытуға, сауда-экономикалық байланыстарын және туризмді кеңейтуге жәрдемдеседі;

- өзі барған елде Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемелерінің қызметіне қажетті жәрдем көрсетеді;

- өзі барған елдің үкіметімен консулдық қызмет мәселелері жөнінде өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің нұсқауы бойынша, егер бұл Қазақстан Республикасының және барған мемлекетінің нормативті актілеріне қайшы келмесе, осы Ережеде көрсетілмеген басқа да жекелеген консулдық қызметтерді орындай алады.

1.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы консулдық қызметтерді атқару кезінде осы Ережені, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы мен барған мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

1.6. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне бағынады және барған елдегі Қазақстан Республикасының өзі бағынышты дипломатиялық өкілдігімен немесе консулдық мекемесімен өзара тығыз бірлесе отырып әрекет етеді.

1.7. Құрметті (штаттан тыс) консулдың консулдық аймағының шекарасын, кеңсесі және резиденциясының орналасу жерін, барған елмен келісім бойынша Сыртқы істер министрлігі анықтайды.

1.8. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және консулдық аймақ шекарасын көрсететін консулдық мекеменің қазақ тілінде және барған елінің тілінде аты жазылған мөрі болады.

1.9. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының өз кеңсесіне немесе өздері тұрған ғимаратқа Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленіп және консулдық аймақ шекарасын көрсететін консулдық мекемесінің аты жазылған тақта бекітіп қою құқығы бар.

1.10. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының резиденциясын қоса алғанда өзі тұрған ғимараттарға, сондай-ақ консулдық қызметін атқаруына байланысты мініп жүрген көлігіне де Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауын қадап қою құқығы бар.

1.11. 1.9 және 1.10 тармақтарда аталған құқықтарды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы мен барған мемлекетінің заңдары, ережелері және әдеттері есте болуы керек.

II тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулын тағайындау және оның қызметін тоқтату тәртібі

2.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулын барған мемлекет келісімімен (тағайындалғанда) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі немесе оның орнындағы адам тағайындайды және орнынан босату кезінде барған елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесінің пікірі ескеріледі.

Құрметті (штаттан тыс) консул белгісіз мерзімге тағайындалады.

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулын тағайындау және қызметтен босатуға байланысты мәселелерді барған мемлекетпен келісу дипломатиялық арналар арқылы жүзеге асырылады.

Құрметті (штаттан тыс) консулдыққа кандидат Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атына өзінің не себепті құрметті (штаттан тыс) консул болғысы келетінін негіздеп және тапсырылған консулдық қызметті тиянақты атқаратындығын және ол үшін еңбекақы немесе сыйақы талап етпейтіндігі туралы міндеттемесін көрсетіп арызын, сондай-ақ анкетаны, мен өзінің кәсіби қызметі туралы ақпаратты және барған елі мен Қазақстан Республикасының көрнекті саясатшылары мен іскер адамдарының ұсыну хаттарын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне тапсырады.

2.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы тағайындалу кезінде өзінің өкілеттігін, толық аты-жөнін, азаматтығын, өз міндеттерін атқаратын консулдық аймағын және құрметті (штаттан тыс) консулдың туған жерін растайтын патент нысанында немесе сол сияқты куәлік түріндегі құжатты алады.

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының консулдық патентіне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі немесе оның орнындағы адам қол қояды.

2.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы баратын мемлекетінің келісімін (экзекватура) алысымен өзінің қызметін атқаруға кіріседі.

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулына экзекватура немесе оны алмастырушы басқа құжат берілген күнін, оның қызметіне кіріскен күнін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне барған

мемлекеттегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі хабарлайды.

2.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы консулдық аймақта уақытша болмаған жағдайлардың бәрінде бұл туралы алдын ала Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне хабарлап отырады.

2.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы өз қызметін мынадай жағдайда тоқтатады:

а) барған мемлекеттің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне құрметті (штаттан тыс) консулдың өкілеттігі тоқтатылды деген мәліметі бойынша;

б) экзекватураны күшінен қалдыру бойынша;

в) барған мемлекеттің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне ол ел оны Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы деп есептеуді тоқтатты деген мәліметі бойынша;

г) қызмет Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне, оның өзі барған елдегі Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесін иландырушылық себептерді көрсетіп құрметті (штаттан тыс) консулдың жолдаған жеке өтініші бойынша да тоқтатылуы мүмкін.

2.6. Басқа қызметке тағайындалғанда және қызметтен кеткенде Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы елтаңба бейнеленген мөрді, штамптарды, кассаны, консулдық алым жинау маркасын, архивті және басқа да консулдық реквизиттерді өзі тұрған мемлекеттегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігінен немесе консулдық мекемесінен акті бойынша қабылдап алады және өткізіп береді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы құрметті (штаттан тыс) консулы қызметінің тоқтағаны туралы барған мемлекетті хабардар етеді.

III тарау. Қазақстан Республикасы құрметті (штаттан тыс) консулының өз міндеттерін орындау тәртібі

3.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы өзіне жүктелген міндеттерді жеке өзі орындайды.

3.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы өзінің консулдық міндеттерін атқаруға байланысты консулдық аймақтан тыс орналасқан қазақстандық және шетелдік мекемелер және ұйымдармен, сондай-ақ жеке адамдармен қатынасты тек ол өзі қол астында істеп отырған Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі арқылы

ғана жасайды. Дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме болмаған жағдайда құрметті (штаттан тыс) консул Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы әрекет етеді.

3.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесінің жәрдемдесуімен, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің іс жүзіндегі нұсқаулықтарына сәйкес іс жүргізуді және консулдық архивті сақтауды ұйымдастырады, оның сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

3.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулын тіркеу журналымен, штамппен және басқа да консулдық реквизиттермен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, барған еліндегі ол өзі тікелей басшылығымен қол астында істейтін Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі қамтамасыз етеді.

3.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы өзінің консулдық аймағын бір жылда бір рет айналып шығады.

3.6. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының үстінен түскен өкпе-реніш бағыныс тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, барған мемлекеттегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесі қарайды.

II БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарына қатысты қызметтері

IV тарау. Жалпы ережелер

4.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы жеке өзі және ол өзі қол астында істеп отырған Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесімен біріге отырып, оның консулдық аймағындағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары және азаматтары оларға барған мемлекеттің заңдары берген және Қазақстан Республикасы мен барған мемлекет қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар берген барлық құқықтарды толық көлемде пайдаланулары үшін шара қолданады, сондай-ақ отандастарға қажетті жәрдем көрсетеді.

4.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы оның консулдық аймағындағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен

азаматтарының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін тиісті шаралар қолданады.

4.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы оның консулдық аймағында тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына есеп жүргізеді, оларға қажетті консулдық көмек көрсетеді.

4.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы өзінің консулдық аймағында тұрақты және уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын барған мемлекеттің заңдары, қаулылары туралы, сондай-ақ жергілікті әдет-ғұрып және дәстүрлер туралы хабардар етеді.

4.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының азаматтарына және отандастарға арналған мәдени-ағарту шараларын жүргізуге жәрдемдеседі.

4.6. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесімен келісіп барған елдегі қабылданған практика мен тәртіпті сақтай отырып, барған мемлекеттің сот және басқа мекемелерінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының, егерде бұл адамдар олардың болмауына немесе басқа да себептерге байланысты уақытылы өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыра алмаса, осы адамдар құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен қажетті түрде өкілеттігін қамтамасыз етуге құқығы бар.

V тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы азаматына жанашырлық білдіру, қамқорлық көрсету және олардың мүлкін қорғау жөніндегі қызметтері

5.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемелерімен келісіп, оның консулдық аймағында тұратын Қазақстан Республикасының кәмелетке жасы толмаған ата-анасының қамқорынсыз қалған азаматтарына, сондай-ақ жасы кәмелетке толған, бірақ денсаулығына байланысты өз құқығын өздігінен жүзеге асыра алмайтын және міндетін орындай алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына жанашырлық және қамқорлықты тағайындауға шаралар қабылдайды.

5.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының азаматы қайтыс болған жағдайда ол туралы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне дереу хабарлайды және олардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасы азаматы қайтыс болғаннан кейін артында қалған мүлкін қорғауға немесе егер бұл

мүліктер ішінара бүлінетін заттардан тұратын болса, сонымен бірге сақтауы өте қымбатқа түсетін болса, оларды сатуға шара қолданады. Сатудан түскен ақша тиесілі иесіне қайтарылуы тиіс.

5.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарының ақшаларын, материалдық заттарын, құнды қағаздарын, құжаттарын және басқа да мүлігін сақтауға қабылдай алады.

**VI тарау. Қазақстан Республикасының құрметті
(штаттан тыс) консулының Қазақстан Республикасының
хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, тұтқында отырған, ұсталған
немесе басқа түрде бостандығынан айырылған немесе
жазасын өтеп келген азаматтарына қатысты қызметтері**

6.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы оның консулдық аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасы азаматының хабар-ошарсыз жоғалуына байланысты іздеу салу үшін өзі барған мемлекеттің құзырлы үкіметінен жәрдем сұрай алады.

6.2. Қазақстан Республикасының азаматы тұтқындалған, ұсталған немесе басқа түрде бас бостандығынан айырылған жағдайда Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы бұл туралы барған мемлекеттегі Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесін дереу хабардар етеді және олардан алған нұсқаулар бойынша әрекет жасайды.

6.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесімен келісім бойынша күзетке алынған (тұтқындалған) немесе қылмысты жасауына күдікпен ұсталған немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының бостандығын шектейтін басқа шараларға тап болған, бас бостандығынан айырылып жазасын өтеуші, немесе басқа да сот шаралары немесе әкімшілік шараларға пара-пар келетіндей түрде кесімді мерзімін өтеуші Қазақстан Республикасының азаматына қатысты, барған мемлекет заңдарының және Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттар ережелерінің сақталуын қадағалайды.

Заңдар мен шарттар бұзылған жағдайда ол бұл туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне дереу хабарлайды.

VII тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының төл-құжат виза құжаттары, құжаттарды талап ету және нотариат мәселелері бойынша қызметі

7.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерімен немесе консулдық мекемелерімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтары төлқұжаттарының мерзімін ұзарта алады және Қазақстан Республикасының азаматтарының төлқұжаттарына өзгерістер енгізеді.

7.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасынан құжаттар талап еткен арыздар мен өтініштерді қабылдайды және оларды Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің немесе консулдық мекемелерінің қарауына жолдайды. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы соңғысының тапсыруымен Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды тұлғалар мен жеке адамдардың өтініші бойынша консулдық орналасқан елден құжаттарды талап ету мәселелерімен де шұғылданады.

7.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесімен келісе отырып, мынадай нотариалдық істерді жүзеге асыра алады:

- а) Қазақстан Республикасына орналасқан қозғалмайтын мүлікті иелігінен алу туралы шарттарды қоспағанда мәмілелерді (шарттарды, өсиеттерді, сенімхаттарды және басқаларды) куәландырады;
- б) мұраға қалған мүліктерді қорғауға шара қолданады;
- в) бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар ерлі-зайыптылардың ортақ мүлік үлесіне меншік құқығы туралы куәліктер береді;
- г) мұраға құқық туралы куәлік береді;
- д) мүлікті иелігінен алуға тыйым салады және салынған тыйымды алып тастайды;
- е) құжаттардың көшірмелерін және олардан жазып алынған үзінділердің дұрыстығын растайды;
- ж) құжаттарға қойылған қолдардың растығын куәландырады;
- з) құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландырады;
- и) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;

- к) азаматтың белгілі бір орында тұрғандығы фактісін куәландырады;
- л) азаматтық фотографиялық кәртішкедегі бейнеленген адаммен сәйкес келетіндігін куәландырады;
- м) құжаттарды көрсеткен уақытты куәландырады;
- н) жеке адамдар мен заңды тұлғалардың өтініштерін өзге жеке адамдар мен заңды тұлғаларға тапсырады;
- о) депозитке ақша сомалары мен құнды қағаздар қабылдайды;
- п) атқарушылық жазбаларын жүзеге асырады;
- р) сақтауға құжаттар қабылдайды;
- с) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді;
- т) теңіз наразылығын іске асырады.

7.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы нотариалдық әрекеттер істегенде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нотариат, консулдық жарна және басқа да заң актілерін, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

7.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы нотариалдық әрекет жасағанда оның құпиялығын сақтайды.

7.6. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы істеген нотариалдық әрекеттер туралы анықтамалар мен құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік нотариаты туралы заңдарына сәйкес беріледі.

7.7. Нотариалдық куәландырылатын арыздарға және басқа да құжаттарға Қазақстан Республикасының нотариалдық әрекетке істеген құрметті (штаттан тыс) консулының қатысуымен қол қойылады. Егер арыздар мен басқа да құжаттар құрметті (штаттан тыс) консул жоқ кезде қол қойылған болса, онда қол қоюшы құжатта өзінің қол қойғанын растауға тиіс.

Нотариалдық әрекет жасаған Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының азаматтарына олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, заңнан хабарсыздық және басқа да жағдайлар нотариалдық әрекет нәтижесінде оларға зиянын тигізе алмайтындай болуы туралы ескертеді.

7.8. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы өз атына және өз атынан, өздерінің (өзінің) жұбайларының (жұбайының) атына және атынан, өзінің және жұбайының тікелей туыстарының атына және атынан нотариалдық әрекет жасай алмайды.

7.9. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы нотариалдық жұмыстарды қазақ тілінде немесе орыс тілдерінде не сол өзі тұрған мемлекеттің тілінде жүргізеді.

7.10. Егер Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулына Қазақстан Республикасындағы Қазақстан азаматының пайдасына ашылған

мұралар белгілі болса, ол туралы барлық белгілі болған мәліметтерді Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне дереу хабарлайды.

7.11. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы, егер Қазақстан Республикасының заңына қайшы келген жағдайда немесе өзінің мазмұнымен Қазақстан Республикасының мүддесіне зиян келтіретін жағдайда, немесе азаматтардың намысы мен арына нұқсан келтіретін жағдайда нотариалдық іс жүргізуден бас тартады.

Нотариалдық ісі жүргізілуден бас тартылған адамның өтініші бойынша оған бас тартылу себебі баяндалады және шағымдану тәртібі түсіндіріледі.

VIII тарау. Консулдық қызметтерді атқаруға байланысты консулдық алымдар және ісжүзіндік шығымдардың төлемі

8.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы консулдық жұмыстар жүргізгені үшін Қазақстан Республикасының консулдық алымдар тарифіне сәйкес өзі тұрған елдің валютасымен консулдық алым жинайды.

Консулдық алымдар Қазақстан Республикасының бюджеттік кірісіне қосылады.

8.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулында Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігімен немесе консулдық мекемесімен келісіп, өзінің консулдық жұмыстарын орындауына байланысты жұмсалған ісжүзіндік шығындардың өтемін төлеп алу құқығы болады. Мұндай жағдайда түскен қаражат құрметті (штаттан тыс) консулдың өз билігінде қалады.

8.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулына, егер олардың өтініштерінде көрсетілген себептері иландырарлық болса, кейбір жеке адамдардан алынатын консулдық алымдарды азайту немесе мүлде алмау құқығы беріледі.

8.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы консулдық алымдар ретінде түскен кіріс туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне есеп беріп отырады.

8.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы мынадай жағдайларда консулдық алымдар алмайды:

а) Қазақстан Республикасы мен құрметті (штаттан тыс) консул қызмет істеп тұрған мемлекет арасында консулдық алым алыспау туралы халықаралық шарт болған жағдайда;

б) еңбек стажы, азаматтардың әлеуметтік қамсыздандырылуы алимент істері және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген басқа да жағдайларда құжаттар талап еткені және ресмилендіргені үшін.

III БӨЛІМ IX тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының теңіз және әуе кемелеріне қатысты қызметтері

9.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің келісімімен Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы жұмыс істеп жатқан елде оның консулдық аймағы шеңберіндегі портта аумақтық және ішкі сауда, әуежайлар мен басқа да бекеттерде тұрған Қазақстан Республикасының кемелеріне жәрдем көрсетеді және консулдық қорғау жасайды, Қазақстан Республикасының кемелерінде тұрған мемлекеттің заңдарына және Қазақстан Республикасы мен барған мемлекеті қатысқан халықаралық заңдарға және жергілікті әдетке сәйкес толық көлемде құқық және иммунитет берілуін қадағалайды.

9.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы мекемелерінің капитандары мен командирлерін және экипаж мүшелерін олар атқаруға міндетті немесе басшылыққа алуға тиісті жергілікті жердің санитарлық жағдайы, порттың немесе әуежайдың ережелері, жергілікті заңдар мен әдеттерден, сондай-ақ кеме капитандары мен командирлері жергілікті үкімет орындарымен байланысқанда қажетті басқа да мәліметтерден хабардар етеді.

9.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының сол елге келген кемесіне кіріп шыға алады, және қажет болған жағдайда сол ел лауазымды адамдардың зияраты кезінде кеме капитандарына немесе командирлеріне еріп жүреді.

9.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының кеме капитандарына немесе командирлеріне сол мемлекеттегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесімен байланыс орнатуға көмектеседі.

9.5. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандарынан жүзу жағдайы туралы ақпарат алады.

Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесінің тапсыруы бойынша ол кеме экипажы құрамының өзгеруі туралы кеме роліне белгі қоя алады.

9.6. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының мынадай құқықтары болады:

а) Қазақстан кемелерінің сол елдің портына кіруіне немесе әуежайына конуына онда болуына, олардан шығуына немесе ұшып шығуына жәрдемдеседі;

б) Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандары немесе командирлерімен кеме экипаждары және порттағы басқа да жергілікті ұйымдармен және фирмалармен, полициялармен, кедендермен, сондай-ақ осы елдің басқа да үкімет орындарымен арада туылған дауларын шешуге көмектеседі ;

в) Қазақстан кемелеріне байланысты декларация және басқа да құжаттар қабылдайды, ол туралы Қазақстан Республикасының сол елде тұрған дипломатиялық өкілдігін немесе консулдық мекемесін хабардар етеді;

г) экипаждардың демалыстарын, мәдени спорттық шараларын ұйымдастыруларына және өткізулеріне жәрдемдеседі.

9.7. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы қажет болған жағдайда сол елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігімен немесе консулдық мекемесімен келісіп Қазақстан Республикасы кемелерінің экипаж мүшелерінің теңіз және әуе кемелерінің жолаушыларын Қазақстан Республикасында емделуге жөнелтуді ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының азаматтары - экипаж мүшелері немесе жолаушылары қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесінің келісімі бойынша, қайтыс болған адамның денесін, оның құжаттары мен заттарын Қазақстан Республикасына жөнелтуге шара қолданады.

9.8. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының кемелері апатқа немесе аварияға тап болған жағдайда Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының сол елдегі дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне ол туралы дереу хабарлайды, жолаушыларды, экипажды, кемені және жүктерді құтқару үшін қолынан келген шаралардың бәрін қолданады.

Ол Қазақстан Республикасы кемелерінің капитандарына немесе командирлеріне күйзеліске ұшырағанда дәрігерлік көмек ұйымдастыру, адамдарды Қазақстан Республикасына жөнелту, теңіз наразылығы және басқа құжаттар туралы актілер жасауда қажетті жәрдем көрсетеді.

9.9. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасы теңіз және әуе кемелері капитандарының немесе командирлерінің өтініші бойынша кемелерден келген және кеткен уақыттарын, капитан немесе командирлердің Қазақстан Республикасы құрметті (штаттан тыс) консулының

кеңсесінде болған күнін, белгіленген портты, жолаушылардың тізімдерін, сондай-ақ жүктердің санын, түрін және белгіленген орындарын куәландыратын куәлар шақыру құқығы болады.

9.10. Егер Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулынан Қазақстан Республикасының кемесі енетін қандай да бір порттың қауіпсіздігі күмәнді екендігі немесе мүмкін еместігі туралы мәлімет болса, ол туралы кеме капитандарына немесе командирлеріне ескертеді.

IV БӨЛІМ X тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының автомобиль, темір жол көлігіне және өзен флоты кемелеріне қатынасы

10.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы автомобиль, темір жол көлігі және өзен флоты кемелеріне байланысты қызметін атқарған кезде осы ереженің үшінші бөлігіндегі ережелерді басшылыққа алады.

V БӨЛІМ Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының санитарлық, фитосанитарлық және малдәрігерлік жөніндегі қызметтері XI тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының санитарлық қорғау жөніндегі қызметтері

11.1. Кейбір осындай аурулар бұрын көрілмеген аумақта карантин мен басқа да жұқпалы аурулар пайда болғанда Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы ол туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, сол елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне ауру ауданның атын, оған ұшыраған адамдар санын және жергілікті үкіметтің жұқпалы ауруларға қарсы қолданған шараларын атап көрсете отырып хабарлайды.

11.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған азаматтарды Қазақстан Республикасына барарда, егілгендігі және басқа қатысты құжаттар жөнінде сертификатты көрсету қажеттігі туралы хабардар етеді.

XII тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының фитосанитарлық және

малдәрігерлік қорғау қызметі

12.1. Консулдық аймақ көлемінде қауіпті аурулар немесе ауыл шаруашылық зиянкестері пайда болғанда, сондай-ақ мал мен құстардың жаппай ауруға шалдығуы немесе аурудың адамға да, малға да ортақ таралу қауіп пайда болғанда Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы ол туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының сол елдегі дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне дереу хабарлайды.

12.2. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған адамдарды Қазақстан Республикасына барарда хайуандарға, шикізаттарға және мал өнімдерінен жасалған азықтарға және Қазақстан Республикасына барарда ұрықтарды, тірі өсімдіктерді, егетін заттарды, жаңа үзілген жемістер мен көкөністерді алып жүру ережелері жөніндегі сертификаттарды көрсету қажеттілігі туралы хабардар етеді.

VI БӨЛІМ XIII тарау. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының консулдық хат-хабарларды сақтау және оның есеп беру жөніндегі міндеттемесі

13.1. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының пайдаланылуындағы Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, консулдық тақтасы, ресми мөрі мен штамптары, сондай-ақ консулдық архиві Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы олардың сақталуы және қол сұғылмайтындығы бойынша шаралар қолданады және ол үшін тіркелей өзі жауап береді.

13.2. Консулдық хат-хабарлар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының қызметіне қатысты және оған Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесі берген ресми кітаптар мен басылымдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының консулдық хабарлары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің рұқсатынсыз жариялануы немесе үшінші тұлғаларға берілмеуі керек.

13.3. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы әр жылы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының сол мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне өзінің өткен бір жылдық

консулдық қызметінен есептеледі.

Жылдық есепте Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулының консулдық аймақта уақытша және тұрақты тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына қаратылған қызметі туралы, Қазақстан қатысқан ұйымдар мен фирмалар, консулдық аймаққа келген Қазақстан Республикасы теңіз және әуе кемелерінің экипаждары, консулдық қызмет туралы ақпараттар, сол мемлекеттің консулдық қызметі туралы жаңа заң актілері, сондай-ақ консулдық аймақтың сауда, экономика және мәдени өміріндегі негізгі оқиғалар қамтылады.

13.4. Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, сол мемлекеттегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне өткен жылы консулдық әрекет пен қызмет көрсетуден жиналған ақша туралы, консулдық операцияларды жүзеге асыру кезінде ісжүзіндік шығындарды қайтарып алудан түскен түсімдер, сондай-ақ консулдық қызметтерді атқаруына байланысты жұмсалған шығындары туралы есеп береді.